

«БЕКІТІЛДІ»
«Виктория» СК» АҚ Директорлар кеңесі
2024 жылғы «28» ақпандағы
№ 07 Хаттама

**«ВИКТОРИЯ» СК» АҚ АВТОМОБИЛЬ КӨЛІГІ ИЕЛЕРІНІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ
ЕРЕЖЕСІ**

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ	5
3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА	5
4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ	6
5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ	6
6. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ТЫС ШАРТТАР МЕН САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ .7	
7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРІ	8
8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ	9
9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ	10
10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ	11
11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАРДЫҢ	12
МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ	12
12. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	13
13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ	15
14. КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ	17
15. ЕКІ ЖАҚТЫ САҚТАНДЫРУ	17
16. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ	17
17. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	18

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Бұл Автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру ережесі (бұдан әрі – «Ереже») Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, 2000 жылғы 18-желтоқсандағы №126-ІІ «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және ерікті сақтандыру саласында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді, оны жүргізудің экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді.

1.2. «Виктория» Сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтандырушы) осы Ереженің шарттарымен, заңды тұлғалармен (меншік нысанына қарамастан) немесе қабілетті жеке тұлғалармен (азаматтығына қарамастан) (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтанушы) Автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтандыру шарты) жасау арқылы автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыруды жүзеге асырады.

1.3. Заңның 6-бабының 3-тармағының 9), 10) және 11) тармақшаларымен көзделген Су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру үшінші тұлғаларға залалды өтеуге міндетті залал келтірген тұлға көлік құралын пайдаланудың салдарынан залалды ішінара немесе толығымен өтеу мөлшерінде сақтандыру төлемдерін төлеуді қарастыратын сақтандыру түрлерінің жиынтығын, оған тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоса, білдіреді.

1.4. Егер Сақтандыру шарты заңды тұлғамен жасалған болса, онда сақтандыру қорғанысы Сақтанушыға, Сақтанушының өкімімен, Сақтандыру шартында көрсетілген автомобиль көлігін пайдаланып жүрген Сақтанушының жүргізушілеріне (жұмыскерлеріне) қолданылады. Сақтанушы – заңды тұлға Сақтандыру шартында соларға қатысты сақтандыру жүзеге асырылып жатқан басқа да заңды тұлғалар мен жеке тұлғаларды көрсетуге құқылы.

Егер Сақтандыру шарты жеке тұлғамен жасалған болса, онда Сақтанушы Сақтандыру шартында көрсеткен және көрсетілген автомобиль көлігін заңды негізді пайдаланып жүрген тұлғалардың, сондай-ақ Сақтанушының өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылған болып табылады.

1.5. Сақтанушы Сақтандыру шартында Сақтандырылушы ретінде басқа тұлғаларды да белгілеуге құқылы.

1.6. Сақтанушының нақты қажеттіліктеріне қарай, Сақтандыру шартында осы Ереженің шарттарына сай келмейтін басқа шарттар белгіленуі де мүмкін. Сақтандыру шартының талаптары Ереженің шарттарына сәйкес келмеген кезде Сақтандыру шартының талаптары қолданылады.

1.7. Осы Ережеде қолданылатын негізгі түсініктер:

- 1) Сақтандыру ережелері – сақтандыру ұйымының сақтандырудың осы түрі (сыныбы) бойынша сақтандыруды жүзеге асыру шарттарын айқындайтын құжат;
- 2) Сақтандыру шарты – Сақтандыру ережесімен белгіленетін шарттармен Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында жасалған Шарт, сол Шартқа сәйкес Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының көлемінде сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді;
- 3) сақтандыру полисі – Сақтандыру шарты жасалғанын растайтын, Сақтандырушы Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) беретін атаулы құжат;
- 4) Сақтандырушы – сақтандыруды жүзеге асыратын дәлірек айтқанда сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе соның пайдасына Сақтандыру шарты жасалған басқа тұлғаға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында белгіленген сома (сақтандыру сомасы) көлемінде сақтандыру төлемін төлеуге міндетті тұлға. Сақтандырушы – сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығы туралы лицензиясы бар заңды тұлға болуы тиіс;
- 5) Сақтанушы – Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасаған тұлға;
- 6) Сақтандырылушы – соған қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;

- 7) Пайда алушы – Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
- 8) сақтандыру сомасы – сақтандыру объекті сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
- 9) франшиза – сақтандыру шартымен қарастырылған Сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден азат ету жағдайы. Франшиза шартты және шартсыз болып келеді. Шартты франшиза кезінде Сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден азат етіледі, бірақ залалды толығымен өтеуі тиіс, егер оның мөлшері ол сомадан көп болса. Шартсыз франшиза кезінде залал белгіленген соманы шегере отырып, барлық жағдайда өтеледі;
- 10) сақтандыру сыйлықақысы – Сақтандырушы сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру сомасын төлеу міндеттемесін өзіне алғаны үшін Сақтанушы төлеуге міндетті ақша сомасы;
- 11) сақтандыру жағдайы – сол оқиғаның басталуынан Сақтандыру шарты сақтандыру төлемін төлеуді қарастыратын оқиға;
- 12) сақтандыру төлемі – Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің көлемінде Сақтанушыға (Пайда алушыға) төлейтін ақша сомасы;
- 13) Сақтанушының өтініші – Сақтанушының сақтандыру объектісі сипатталған және тәуекел сипаты баяндалған, басқа шарттармен қатар, белгілі бір сақтандыру объектісінің орналасқан жері, құны, күй-жайы, сақтау немесе пайдалану тәртібі, техникалық дайындығы, сондай-ақ сапалық сипаттамалары туралы мәліметтер қамтылған жазбаша рәсімделген құжаты;
- 14) автомобиль көлігі иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі – Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамамен белгіленген көлік құралын пайдаланудың нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келген зиянды өтеу бойынша жеке және заңды тұлғалардың міндеті;
- 15) көлік құралы – арнайы шығарылған, адамдарды немесе жүктерді тасуға (тасымалдауға) арналған немесе пайдаланылатын құрылғы;
- 16) автомобиль көлігі – мемлекеттік тіркеуге қойылуы тиіс, адамдарды және/немесе жүктерді тасымалдауға арналған көлік (мотоциклдар, мотороллерлер, жеңіл көліктер, жүк көліктері және жүк-жолаушылар автомобилі, тартқыш көліктер (тягач), микроавтобустар, автобустар, троллейбустар, трамвайлар, тракторлар, тіркемелер және жартылай тіркемелер, автопойыздар);
- 17) көлік құралын пайдалану – көлік құралын жолдармен, сондай-ақ солармен іргелес жатқан, көлік құралдарының қозғалысы үшін жасалған немесе арналған және пайдаланылатын аумақтарда қозғалу үшін пайдалану;
- 18) көлік құралының иесі – көлік құралына меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе оперативті басқару құқығында, немесе кез келген басқа заңды негізде (Мүлікті жалдау шарты, көлік құралын басқаруға берілген сенімхат құзырлы органның көлік құралын өткізу туралы өкімінің және тағы басқалардың негізінде) иелік ететін жеке немесе заңды тұлға;
- 19) жолаушы – тасымалдаушымен ауызша немесе жазбаша түрде тасымалдау шартын жасаған жеке тұлға;
- 20) үшінші тұлға (жәбірленуші) автокөлік құралын пайдаланудың нәтижесінде өміріне, денсаулығына және (немесе) зиян келген тұлға, оның зиянын өтеу міндеті – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес автокөлік құралының иесі ретінде Сақтанушыға (сақтандырылушыға) жүктелген. Сақтанушының өзі, оның жұмыскерлері, сондай-ақ сақтанушының атынан әрекет ететін жеке және заңды тұлғалар үшінші тұлғаларға жатпайды;
- 21) көлік оқиғасы – көлік құралын пайдалану барысында немесе соның қатысуымен туындаған, сондай-ақ көлік құралынан бөлініп шыққан бөлшектердің және сонда болған жүктің қозғалысының нәтижесінде жәбірленушілерге зиян келген оқиға;
- 22) жол-көлік оқиғасы (ЖКО) – көлік құралының жолмен қозғалуы барысында және соның қатысуымен туындаған, сондай қозғалыс кезінде адамдар қаза болған немесе жараланған, көлік

құралдары, ғимараттар, жүктер зақымданған немесе басқалай материалдық залал келтірілген оқиға;

23) екі жақты (көп жақты) сақтандыру – бір объектіні әр Сақтандырушымен дербес Шарттар бойынша бірнеше Сақтандырушыда сақтандыру.

1.8. Сақтанушының осы Ережеде және Сақтандыру шартында көрсетілген міндеттері әрі Сақтандырылушыға да, әрі Пайда алушыға да теңдей шамада қолданылады. Сақтандырылушының немесе Пайда алушының сол міндеттерді орындамауы – ол міндеттерді Сақтанушы орындамаған кездегідей салдарға әкеп соқтырады.

1.9. Сақтандыру шартындағы (сақтандыру полисіндегі) Сақтанушының немесе оның өкілінің қолы – оның осы Ережемен толығымен келіскенін растайды.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

2.1. Сақтанушының (Сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен белгіленген өзінің автокөлік құралын қауіптілігі жоғары көз ретінде пайдаланудың нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келген зиянды өтеу міндетіне байланысты мүліктік мүддесі – Сақтандыру объекті болып табылады.

2.2. Сақтанушыға тиесілі автокөлік құралын иелік ету, пайдалану, өкім жүргізу және т.с.с. құқығында пайдалану кезінде Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігі – сақтандыру мәні болып табылады.

2.3. Сақтандыру шартының субъектілері: Сақтандырушы, Сақтанушы, Сақтандырылушы, Пайда алушы.

3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА

3.1. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы Тараптардың келісімімен белгіленеді.

3.2. Сақтандыру шартымен келесілер белгіленуі мүмкін:

1) жауапкершіліктің жиынтық шекті көлемі – бұл жағдайда Сақтандыру шартының бүкіл қолданыс кезеңі ішінде барлық сақтандыру жағдайлары бойынша барлық сақтандыру төлемдерінің сомасы сол көлемнен аспауы тиіс;

2) әр сақтандыру жағдайы бойынша жауапкершіліктің шекті көлемі;

3) Сақтандыру шартының қолданысы кезеңінде бір немесе бірнеше сақтандыру жағдайы бойынша жауапкершіліктің шекті көлемі;

4) бір немесе бірнеше сақтандыру жағдайы бойынша әр сақтандыру тәуекеліне қатысты жауапкершіліктің шекті көлемі;

5) сақтандыру сомасының басқа түрлері.

3.3. Жауапкершілік лимиттері Тараптардың келісімімен белгіленеді. Бір сақтандыру жағдайы немесе бір оқиғаның нәтижесінде сақтандыру жағдайларының сериясы бойынша сақтандыру төлемдері Сақтандыру шартында белгіленген жауапкершілік лимиттерінің аспауы тиіс.

3.4. Сақтандыру шартында төменде көрсетілгендерге зиян келтіргені үшін жекелеген жауапкершілік лимиттерін белгілеу де қарастырылуы мүмкін:

1) жәбірленушілердің өміріне және/немесе денсаулығына – Сақтандыру шартының қолданысы кезеңінде орын алған бір және/немесе бірнеше сақтандыру жағдайлары бойынша әрбір, бірнеше немесе жиынтығында барлық тұлғаларға келтірілген зиян;

2) Сақтандыру шартының қолданысы кезеңінде орын алған бір және/немесе бірнеше сақтандыру жағдайлары бойынша әрбір, бірнеше немесе жиынтығында барлық тұлғалардың мүлкіне келтірілген зиян.

3.5. Сақтандыру шарты бойынша франшиза қарастырылады, оның түрі мен мөлшері Тараптардың келісімімен анықталады, не сақтандыру сомасының пайызымен, не болмаса абсолютті мөлшерде белгіленеді.

3.6. Сақтандырушының жауапкершілігінің көлемі әрқандай жағдайда да сақтандыру сомасының мөлшерінен аспайды.

4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ

4.1. Сақтандыру шарты бойынша төлеу тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру сомасынан ұсталатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлемесін айқындайтын сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі. Сақтандыру сыйлықақылары Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – Қазақстан теңгесімен төленеді. Қазақстан Республикасының аумағында шетел валютасымен есептесу жағдайлары, тәртібі және шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

4.2. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын біржолғы төлеммен немесе мерзімдік сақтандыру жарналары түрінде бөліп, қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз тәртіпте төлейді.

4.3. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандыру сыйлықақысын немесе кезекті сақтандыру жарнасын Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде төлемеу Сақтандырушының Сақтандыру шартының қолданысын тоқтату (уақытша тоқтату) құқығын туындатады. Бұл орайда сақтандыру сыйлықақысының бөлігі Сақтанушыға қайтарылмайды.

4.4. Сақтанушы сақтандыру шартын 12 (Он екі) айдан аз мерзімге жасалуы мүмкін. Сақтандыру шартын бір жылдан аз мерзімге жасаған кезде сақтандыру сыйлықақыларының келесідей мөлшерлері белгіленеді:

Сақтандыру мерзімі	Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері жылдық сақтандыру сыйлықақысының %-ымен
1 айдан 2 айға дейін	30,0
2 айдан 3 айға дейін	40,0
3 айдан 4 айға дейін	50,0
4 айдан 5 айға дейін	60,0
5 айдан 6 айға дейін	70,0
6 айдан 7 айға дейін	75,0
7 айдан 8 айға дейін	80,0
8 айдан 9 айға дейін	85,0
9 айдан 10 айға дейін	90,0
10 айдан 11 айға дейін	95,0
11 айдан астам уақыт	100,0

4.5. Егер сақтандыру жағдайы сақтандыру жарнасы кешіктіріп, сақтандыру жарнасын төлегенге дейін (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген жағдайда) басталса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін белгілеу кезінде төленбеген сақтандыру жарнасының сомасын шегеріп қалуға құқылы.

4.6. Сақтандырушы төленуі тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін белгілеу кезінде тәуекел факторларына қарай базалық сақтандыру тарифтеріне арттыратын және төмендететін коэффициенттерді пайдалануға құқылы: Сақтанушының (Сақтандырылушының) жасы және жүргізушілік өтілі, көлік құралын басқаруға рұқсат етілген тұлғалардың саны, көлік құралының шығарылған жылы, пайдалану мақсаты, сақтандыру аумағы және т.с.с.

5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

5.1. Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандыру шартында көрсетілген автокөлік құралын пайдаланудың нәтижесінде жәбірленуші деп танылған үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келген зиянды өтеу бойынша Сақтанушының (Сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу факті – сақтандыру жағдайы деп танылады.

5.2. Қозғалып бара жатқан автомобиль көлігінен бөлініп шыққан элементтердің (автомобиль көлігінің бөлшектерінің немесе алып бара жатқан жүктің) үшінші тұлғаларға зиян келтіру жағдайы да сақтандыру жағдайларына жатады.

5.3. Сақтанушының кез келген заңға қайшы мүдделері сақтандыруға жатпайды.

5.4. Осы Ереже бойынша Сақтанушы немесе Сақтандырылушы келтірген тікелей мүліктік және физикалық зиян ғана өтеуге жатады.

5.5. Сақтандыру жағдайына ықтималдық және кездейсоқтық белгілері болуы тиіс. Зиянның туындау себептерінде әдейі жасалған әрекет болмауы тиіс.

5.6. Қажет жағдайда сақтандыру тәуекелдерінің нақты тізбесі Тараптардың келісімімен белгіленеді.

6. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ТЫС ШАРТТАР МЕН САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ

6.1. Келесі оқиғалардың салдарынан үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиян – сақтандыру жағдайы болып табылмайды:

1) кез келген түрдегі әскери қимылдар, азаматтық соғыс, халық толқулары, әркелкі жаппай тәртіпсіздіктер, ереуілдер, локауттар және солардың салдары;

2) террористік актілер, азаматтық немесе әскери биліктің өкімі бойынша мүлікті тартып алу, тәркілеу, реквизициялау, тыйым салу, жою немесе зақымдау, мәжбүрлеп мемлекеттендіру, төтенше жағдай немесе ерекше жағдай енгізу;

3) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивпен ластану, химиялық немесе бактериологиялық әсер және/немесе улану;

4) дүлей апаттар – жер сілкінісі, найзағай соғу, су тасқыны, сел, дауыл, құйын, сұрапыл жел, опырылу, лай көшкіні, тау көшкіні;

5) Сақтанушының немесе Сақтандырылушының автомобиль көлігін алкогольмен, уытты заттармен немесе есірткімен мастанған немесе сол дәрі-дәрмектерді қолданған кезде автомобиль көлігін басқаруға тыйым салынған дәрі-дәрмектің әсерінен мастанған күйде басқаруы;

6) автомобиль көлігін тиісті санаттағы автомобиль көлігін басқаруға құқық беретін жүргізушінің куәлігі болмаған кезде басқару немесе жүргізушінің куәлігі жоқ тұлғаның басқаруына беру;

7) жәбірленушілердің сақтандыру жағдайының басталуына әкелетін қасақана әрекеттерді жасауы;

8) Сақтанушының немесе Сақтандырылушының қасақана әрекеттері, сондай-ақ Сақтанушының немесе Сақтандырылушының кінәсі болмаған кезде, жәбірленушінің абайсыздығының нәтижесінде;

9) автомобиль көлігін Сақтандыру шартында көрсетілмеген адамның басқаруы;

10) автомобиль көлігін – оны заңсыз иеленіп алған адамның басқаруы;

11) автомобиль көлігі қозғалыста болмаған кезде өртенуі, сондай-ақ оны біреу өртеудің нәтижесінде;

12) автомобиль көлігінің жарылысы, егер ол ЖКО орнында болмаса және соның салдары болмаға, сондай-ақ автомобиль көлігін жарып жіберудің нәтижесінде;

13) егер ЖКО сақтандыру қорғанысынан тыс аумақта және оның қолданысынан тыс кезеңде орын алған болса;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келген залал үшін автомобиль көлігі иесінің жауапкершілігіне кірмейтін мән-жайларда;

15) автомобиль көлігін Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз, сынамаларда, спорттық немесе оқу мақсаттарында пайдалану;

16) Сақтанушының – заңды тұлғаның жүргізушісі (жұмыскері) автомобиль көлігін жұмыс уақытынан тыс кезде, жолқағазынсыз пайдалануы;

17) Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз автомобиль көлігін жалға, лизингіге немесе прокатқа беру;

18) егер Сақтанушы немесе Сақтандырылушы автомобиль көлігімен немесе оны тастап, ЖКО орынан кетіп қалса, немесе белгіленген мерзімдерде алкогольмен, уытты заттармен немесе есірткімен мастануды айқындау үшін медициналық куәландырудан (сараптамадан) өтпеген болса;

19) Сақтанушының немесе Сақтандырылушының сақтандыру жағдайының басталу себебі болып саналатын автомобиль көлігін пайдалану ережелерін бұзуы, оның ішінде техникалық тұрғыдан ақауы бар автомобиль көлігін, белгіленген тәртіпте техникалық байқаудан өтпеген автокөлік құралын пайдалануы, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі ережелерін, өртке қауіпті және жарылғыш бұйымдар мен заттарды тасымалдау ережелерін, (Жол жүру ережесіне сәйкес) жүктерді тасымалдау кезінде қауіпсіздік талаптарын бұзуы.

6.2. Егер Сақтандыру шартында басқалай айтылмаған болса, Сақтандырушы төменде көрсетілгендер үшін сақтандыру төлемін төлемейді:

1) үшінші тұлғаның (жәбірленушінің) жанама түрдегі коммерциялық шығындары, жәбірленушінің тауарларды жеткізу немесе жұмыстарды жүргізу (қызмет көрсету) мерзімдерін, келісімшарттар (Шарттар) бойынша өзге де міндеттемелерін бұзуына байланысты шығыстар (айыппұлдар, тұрақсыздық төлемдері және т.б.);

2) жіберіп алған олжа, моральдық зиян, сот шығыстары, тауарлық құнын жоғалту;

3) Сақтанушының автомобиль көлігіне келген зиян, Сақтанушының өміріне, денсаулығына келген зиян, Сақтанушының автомобиль көлігінде отырған үшінші тұлғалардың мүлкіне (жүгіне) келген зиян.

6.3. Егер сақтандыру жағдайы төменде көрсетілген жағдаяттардың салдарынан орын алса, Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінара бас тартуға құқылы:

1) Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының заңнамалық актілермен белгіленген тәртіпте қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылатын, сақтандыру жағдайымен себепті байланысы бар іс-әрекеттері;

6.4. Сақтандырушыны Ережеде және Сақтандыру шартында көзделген себептер бойынша Сақтанушыға сақтандыру төлемдерін төлеуден азат ету – бір мезгілде Сақтандырушыны Пайда алушыға сақтандыру төлемін төлеуден де азат етеді.

6.5. Егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмесе, Автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру шартының талаптарымен сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту үшін басқа да негіздемелер қарастырылуы мүмкін.

6.6. Дауды сақтандыру омбудсманы реттеген жағдайда, Сақтанушы (Сақтандырылушы) және (немесе) Пайда алушы болып табылатын басқа тұлға) Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген тәртіпте және шарттармен сотта Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуы жөнінде дауласуы мүмкін.

7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРІ

7.1. Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандыру шарты он екі ай мерзімге жасалады. Сақтандыру қорғанысы сақтандыру сыйлықақысы (немесе оның алғашқы бөлігі) Сақтандырушының шотына келіп түскен немесе қолма-қол ақшамен кассасына төленген күннен кейінгі сағат 00:00-ден бастап қолданысқа енеді, алайда Сақтандыру шарты жасалған күннен бұрын емес.

7.2. Тараптардың келісімімен Сақтандыру шарты он екі айдан аз мерзімге жасалуы мүмкін. Мұндай жағдайда сақтандыру кезеңі Сақтандыру шартында көрсетіледі.

7.3. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, белгіленген үлгідегі Сақтандыру шарты (полис) Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген күннен кейін 3 (Үш) күн ішінде Сақтанушыға беріледі.

7.4. Сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін төлеген кезде Сақтандыру шарты өз қолданысын тоқтатпайды, ал сақтандыру қорғанысы Сақтандыру шартының қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін, франшиза туралы шартты қолдануды ескере отырып, Сақтандыру шартында келісілген сақтандыру сомасы мен төленген сақтандыру төлемінің мөлшері арасындағы айырмашылыққа тең сақтандыру сомасының мөлшерінде өз күшін сақтайды.

7.5. Сақтандыру аумағы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі. Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру аумағы ұлғайтылуы да, кішірейтілуі де мүмкін. Сақтандыру аумағы Сақтандыру шартында (сақтандыру полисінде) көрсетіледі.

8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ

8.1. Сақтандыру шарттары Сақтандырушы белгілеген нысанда толтырылған және Сақтандыру шартының құрамдас және ажыратылмас бөлігі болып табылатын Сақтанушының жазбаша өтінішінің негізінде жасалады. Өтінішті толтыру кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға өзінің осы автокөлік құралын пайдалануға құқығын растайтын құжаттарды көрсетуге, Сақтанушының автокөлік құралын пайдалануға қатысты сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және сақтандыру жағдайынан келетін ықтимал залалдардың мөлшерін анықтау үшін маңызды мәні бар өзіне белгілі барлық жағдаяттар туралы хабарлауға міндетті. Сақтанушы өзі берген мәліметтердің шынайылығы үшін жауапты болады.

8.2. Сақтандыру шартын жасау үшін Сақтандырушы сақтандыру тәуекелінің дәрежесін сипаттайтын қосымша құжаттарды сұратуы мүмкін. Сақтандырушы себептерін түсіндірместен, Сақтанушымен Сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға құқылы.

8.3. Егер Сақтандыру шартын жасағаннан кейін Сақтанушы Сақтандырушыға әдейі жалған мәліметтерді бергені анықталса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген салдарды қолдануға құқылы.

8.4. Сақтандыру шарты жазбаша немесе электронды түрде жасалады.

8.5. Егер Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсы болса, Сақтандырушы осы Ереженің шарттарымен көзделген тәртіпте Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

8.6. Автокөлікті жалға беру, кепілге беру немесе басқа тұлғалардың меншігіне беру, автокөлікті қайта жабдықтауы, оны пайдалану мақсатын өзгерту және т.с.с. – едәуір өзгерістер деп танылады.

8.7. Сақтандыру тәуекелінің артуына әкеп соқтыратын мән-жайлар туралы хабарлама алған Сақтандырушы Сақтандыру шартының ережелерін өзгертуді немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы. Егер Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсы болса, Сақтандырушы осы Ереженің шарттарымен көзделген тәртіпте Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

8.8. Сақтандыру шартын (полисті) жоғалтқан кезде Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтінішінің негізінде оған дубликатын беруге міндетті. Сақтандыру шартының (полистің) бланкісін дайындау және оның дубликатын рәсімдеу үшін шығындарды Сақтанушы өтейді, бұл орайда өтелетін шығындардың жалпы сомасы өтініш берілген күнгі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген 0,5 айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс.

8.9. Сақтандыру шартындағы (сақтандыру полисіндегі) Сақтанушының немесе оның өкілінің қолтаңбасы – оның осы Ережемен толығымен келіскенін растайды.

8.10. Сақтандыру шартында көрсетілуі тиіс шарттардың толық болмағаны үшін жауапкершілік Сақтандырушыға артылады. Сақтандыру шартының жекелеген шарттарының толық болмауының салдарынан Сақтандыру шарты бойынша дау туындаған жағдайда, ол дау Сақтанушының пайдасына шешіледі.

9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

9.1. Сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайының басталу нәтижесінде Пайда алушыға келтірілген нақты зиян (залал) мөлшерінде, бірақ франшиза туралы шартты қолдануды ескере отырып, Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан (жауапкершілік лимитінен) аспайтын сомада төленеді.

9.2. Сақтанушы залалдардың алдын алу немесе оларды азайту мақсатында жұмсаған шығындарды, егер ондай шығындар қажет болған болса немесе Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жұмсалған болса, қолданылған тиісті шаралар сәтсіз болғанына қарамастан, Сақтандырушы өтеуі тиіс. Аталған шығындар нақты мөлшерлерде өтеледі, бұл орайда сақтандыру төлемі мен шығындардың өтемақысының жалпы сомасы Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс. Егер шығындарды Сақтанушы Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жұмсаған болса, онда сақтандыру сомасына қарамастан толық мөлшерде өтеледі.

9.3. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандырушы залалдың мөлшерін сақтандыру жағдайы басталған сәттегі сақтандыру сомасын есепке ала отырып, жүргізілген тексерістің және өз жасаған калькуляцияның негізінде айқындайды. Тараптардың әрбірі тәуелсіз сараптама жүргізуді талап етуге құқылы. Бұл ретте сараптама бастамашы болған Тараптың есебінен жүргізіледі.

9.4. Денсаулығы мен өміріне зиян келтіргені үшін залал келесідей айқындалады:

(сақтандыру сомасының %-ымен)

Тәуекел түрі	Сақтандыру төлемінің мөлшері
Жәбірленушінің қазасы	100
Жәбірленушіге мүгедектік белгілеу:	
1 топ	80
2 топ	60
3 топ	40
4 Мүгедек-бала	80

9.5. Егер сақтандыру жағдайы орын алған кезде жәбірленуші қаза болмаған немесе мүгедектік алмаған болса, бірақ ұзақ уақыт (кемінде 5 күн) емделуге мәжбүр болса, жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиян үздіксіз әр күн үшін сақтандыру сомасының 0,05 %-ы мөлшерінде, бірақ 50 (Елу) күннен аспайтын уақытқа 1,0 (Бір) айлық көрсеткіштен аспайтын мөлшерде белгіленеді.

9.6. Жәбірленушінің мүлкіне келген залал нақты келген залалдың мөлшерінде, бірақ Сақтандыру шартында айтылған сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде өтеледі.

9.7. Егер сақтандыру жағдайы келесілердің салдарынан орын алған болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінара бас тартуға құқылы:

1) Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының әрекеттері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайымен себептік байланысы бар қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық әрекеттер деп танылу.

9.8. Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешімді қабылдайды және Сақтанушыға жазбаша түрде, бас тартудың уәжді негіздерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабарлайды.

9.9. Залалдардың туындау себебіне немесе олардың мөлшеріне қатысты Сақтанушы мен Сақтандырушының арасында келіспеушілік туындаған кезде, дауды шешу үшін әр Тарап

сараптама өткізуді талап етуге құқылы, сарапшының қызметі үшін сараптама тағайындаған Тарап төлем жасайды.

9.10. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандыру төлемін төлегеннен кейін Сақтандырушының жауапкершілік көлемі төленген төлемнің шамасына азайтылады.

9.11. Сақтандырушыға сақтандыру төлемін төлеу туралы талабын Сақтанушы немесе Пайда алушы болып табылатын өзге тұлға жазбаша түрде, сақтандыру төлемін төлеу үшін қажет құжаттарды қоса өткізеді.

9.12. Жәбірленуші (ол қаза болған жағдайда – Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жәбірленушінің қазасына байланысты зиянның өтелуіне құқығы бар тұлға), сондай-ақ Сақтанушы немесе жәбірленушіге (залалдың өтелуіне құқығы бар тұлғаға) Сақтандыру шартында белгіленген Сақтандырушының жауапкершілігі көлемінде зиянды өтеген және сақтандыру төлемінің төленуіне құқығы бар өзге тұлға – Пайда алушы болып табылады.

9.13. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандырушы келтірген зиянды – сол зиянды келтірген үшінші тұлғалар ішінара төлеуі тиіс болған жағдайда Сақтандырушы төленуі тиіс толық сома мен зиян келтіргені үшін кінәлі тұлғадан өндіріп алынуы тиіс соманың арасындағы айырмашылықты ғана өтейді. Сақтанушы жоғарыда аталған тұлғалардың бар екені және сондай тұлғалардан өндіріп алынуы тиіс төлемдердің сомасы туралы Сақтандырушыға хабарлауға міндетті.

9.14. Егер Сақтандыру шартында басқалай келісілмеген болса, сақтандыру төлемін төлеу немесе сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешімді Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталуын, оның басталу себептерін және сақтандыру төлемін алушының құқығын растайтын қажет құжаттардың соңғысын алған және тиісті сақтандыру актіні бекіткен сәттен бастап 15 (Он бес) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылдайды.

9.15. Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 15 (Он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін төлейді.

9.16. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, ол жөнінде Сақтанушыға жазбаша түрде, бас тартудың уәжді негіздемелерін көрсетіп, Сақтанушы барлық қажет құжаттарды өткізген сәттен бастап 15 (Он бес) жұмыс күні ішінде хабарлайды.

9.17. Дауды сақтандыру омбудсманы Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген тәртіпте және шарттармен реттеген жағдайда Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешіміне Сақтанушы (Сақтандырылушы) және (немесе) Пайда алушы болып табылатын басқа тұлға сотта шағым бере алады.

9.18. Келесідей жағдайларда Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқылы:

1) егер Сақтандырушының сақтандыру жағдайын растайтын құжаттардың шынайылығына уәжді күмәні болса – қажет құжаттар ұсынылғанға дейін;

2) егер тиісті орган Сақтанушыға (Сақтандырылушыға), оның жұмыскерлеріне немесе уәкілетті тұлғаларына қатысты қылмыстық іс қозғаған болса және залалдардың келуіне әкеп соқтырған мән-жайларды тергеу жұмыстары жүргізіліп жатса – тергеу жұмыстары аяқталғанға дейін.

9.19. Сақтандыру жағдайы бойынша тиісті органдар қылмыстық іс қозғаған жағдайларда, сақтандыру төлемі белгіленген тұлғаларға қатысты заңды күшіне енген сот қаулыларының (актілерінің) негізінде жүзеге асырылады.

9.20. Сақтанушы осы Сақтандыру ережесіне сәйкес залалдар бойынша Сақтандырушыға өтелуі тиіс барлық өтемақылар туралы Сақтандырушыға ақпарат беруге міндетті.

9.21. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген талап қою мерзімі ішінде Сақтанушыны немесе Пайда алушыны сақтандыру төлемін алу құқығынан толығымен немесе ішінара айыратын мән-жайлар анықталса, Сақтанушы (Пайда алушы) алған сақтандыру төлемін (оның тиісті бөлігін) Сақтандырушыға қайтаруға міндетті.

10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

10.1 Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы міндетті:

- 1) құзыретіне қарай тиісті органдарға (ішкі істер органдары, өрт сөндіру қызметі органдары, жедел медициналық жәрдем қызметі, апат қызметі және т.б.) сақтандыру жағдайы және жәбірленген тұлғалар турады хабарлауға;
 - 2) шұғыл түрде, бірақ сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, ол жөнінде Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға;
 - 3) қалыптасқан жағдаятта ықтимал залалдың алдын алу немесе азайту үшін ақылға қонымды және қолжетімді шаралар, оның ішінде мүлікті құтқару және жәбірленген адамдарға көмек көрсету шараларын, сондай-ақ кінәлі тарапқа талап қою құқығын қамтамасыз ету бойынша шараларды қолдануға;
 - 4) қандай да бір төлемдер жасамауға, залалдарды ерікті түрде өтеу туралы уәде бермеуге, сақтандыру жағдайы бойынша оған қойылған талаптарды ішінара немесе толығымен мойындамауға, сондай-ақ Сақтандырушымен келіспейінше аталған талаптарды реттеу бойынша қандай да бір тікелей немесе жанама түрдегі міндеттемелерді өзіне қабылдамауға;
 - 5) зақымданған мүлікті Сақтандырушы сол мүлік сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін қандай күйде болса, тура сондай күйде тексергенге дейін ол мүліктің сақталуын қамтамасыз ету шараларын қолдануға (егер ол шаралар қауіпсіздік мүддесіне немесе залалды азайтуға қайшы келмесе);
 - 6) Сақтандырушының өкіліне сақтандыру жағдайының басталу себептері мен басқа да мән-жайларға дербес зерттеу жүргізуді қамтамасыз етуге;
 - 7) сақтандыру жағдайының басталу себептері, барысы және салдары, келген залалдың сипаты мен мөлшері туралы өзіне қолжетімді барлық ақпаратты (қажет жағдайда – жазбаша түрде) және құжаттарды, сонымен қатар коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді Сақтандырушыға беруге.
 - 8) зиянды өтеу туралы талап қойылғаны немесе талап-арыз берілгені жайында өзіне белгілі болған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде ол жөнінде Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға.
- 10.2 Сақтандыру шартында Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да міндеттері қарастырылуы мүмкін.

11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ

11.1 Келесі құжаттар сақтандыру жағдайының басталғанын және залалдардың мөлшерін растайтын құжаттар болуы мүмкін:

- 1) Сақтандыру шарты;
- 2) Сақтандырушы белгілеген формадағы өтініш;
- 3) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және Пайда алушыға келген залалдардың мөлшерін растайтын құжаттар;
- 4) тәуелсіз сарапшы әзірлеген, келген зиянның мөлшерін бағалау туралы құжаттар – егер сондайлар болса;
- 5) Пайда алушының зиянды өтеуге құқығын растайтын құжат;
- 6) Пайда алушының (жеке тұлғаның) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі немесе заңды тұлғаның өкіліне берілген сенімхаттың түпнұсқасы;
- 7) келген залалдарды өтеу туралы сот шешімі (қаулысы, үкімі);
- 8) Үшінші тұлғаның өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген жағдайда келесілер қоса ұсынылады:
 - а) келген зиянның факті мен мөлшерін растайтын құжаттар (денсаулық сақтау ұйымы берген жәбірленушінің еңбекке уақытша жарамсыздығы туралы анықтама немесе мамандандырылған мекеме берген жәбірленушіге мүгедектік белгілеу туралы анықтаманың лайықты түрде куәландырылған көшірмесі (егер мүгедектік белгіленген болса), өмірі мен денсаулығына зиян келтіргенін растайтын басқа да медициналық құжаттар, медициналық қызметтер үшін төлем жасауға қойылған шоттар, фискалды құжаттар және т.с.с.;

- б) жәбірленуші қаза болған жағдайда, жәбірленушінің қаза болғаны туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 9) үшінші тұлғалардың мүлкіне зиян келтірілген жағдайда келген зиянның факті мен мөлшерін растайтын құжаттар қоса ұсынылады (коммерциялық актілер, жүкқұжаттар, негізгі құралдар кітабынан үзінді көшірмелер, мүлікті тәуелсіз бағалау актілері және т.с.с.);
- 10) Пайда алушының наразылығы;
- 11) Сақтанушы сақтандыру жағдайы басталған кезде залалдың алдын алу немесе оны азайту мақсатында жұмсаған шығындарды растайтын құжаттар (егер болса).
- 11.2 Сақтандырушы жоғарыда көрсетілген құжаттардың тізімін қысқартуға немесе нақты жағдаяттарды ескере отырып, сол құжаттардың болмауынан сақтандыру жағдайының басталу фактін анықтауға және залалдың мөлшерін айқындауға мүмкін болмаса, осы Автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру ережесінде баяндалған (Сақтандырушының уәкілетті органы бекіткен және Сақтандыру шартын жасаған/полисті рәсімдеген күні қолданыста болған және vis.kz сайтында жарияланған) қосымша құжаттарды талап етуге құқылы.
- 11.3 Құжаттарды қабылдап алған Сақтандырушы өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізімі мен оларды қабылдап алған күн көрсетілген анықтама беруге міндетті.
- 11.4 Сақтанушы осы Ереженің 11.1. тармағында қарастырылған құжаттарды өткізбеген жағдайда Сақтандырушы шұғыл түрде, бірақ бес жұмыс күнінен кешіктірмей, жазбаша түрде, жетіспейтін құжаттар туралы хабарлауға міндетті.
- 11.5 Егер сақтандыру жағдайының факті бойынша қылмыстық іс жүргізіп жатқан органдар қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қарастырған болса, Сақтандырушы Сақтанушыдан қылмыстық іс қозғау туралы қаулының, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының, қылмыстық істі уақытша тоқтату немесе тоқтату туралы қаулының көшірмесін сұратуға, немесе тиісті органдарға өзі дербес сауалхат жіберуге құқылы.

12. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

12.1 Сақтанушы құқылы:

- 1) Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, Сақтандыру шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) Сақтандыру шартын жоғалтқан кезде оның дубликатын алуға;
- 3) осы Ережеде қарастырылған жағдайларда және тәртіпте Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға;
- 4) егер Қазақстан Республикасының заңдарымен және сақтандыру шартымен басқалай көзделмеген болса, кез келген уақытта сақтандыру шартынан бас тартуға.
- 5) Сақтандырушы және (немесе) тәуелсіз сарапшы әзірлеген келген залалдың мөлшерін бағалау нәтижелерімен және сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеулермен танысуға;
- 6) Сақтандыру шартында белгіленген жағдайларда, тәртіпте және мерзімдерде сақтандыру төлемін алуға;
- 7) Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден немесе оның мөлшерін азайтудан бас тарту туралы шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте дауласуға;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да құқықтарын жүзеге асыруға.

12.2 Сақтанушы міндетті:

- 1) Сақтандыру шартын жасау кезінде өзіне белгілі болған, сақтандыру тәуекелінің басталу ықтималдығын бағалау үшін маңызды мәні бар барлық мән-жайлар туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 2) сақтандыру сыйлықақыларын Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде төлеуге;
- 3) заңнамамен белгіленген өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын, жол жүру ережелерін, автокөлік құралын пайдалану және техникалық қызмет көрсету ережелерін, басқа да нормативтік актілерде сақтауға;

- 4) басқа қолданыстағы Автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру келісімшарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 5) егер ол өзгерістер сақтандыру тәуекелінің артуына едәуір ықпал етуі мүмкін болса, Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде Сақтандырушыға Сақтандыру шартын жасау кезінде хабарлаған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған маңызды өзгерістер туралы шұғыл түрде Сақтандырушыға хабарлауға;
- 6) сақтандыру жағдайының басталуы үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;
- 7) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны өзіне белгілі болған сәттен бастап шұғыл түрде, бірақ үш жұмыс күнінен кешіктірмей, ол жөнінде қолжетімді тәсілдермен (ауызша, жазбаша) Сақтандыруға хабарлауға. Ауызша хабарлама жазбаша расталуы тиіс. Сақтанушы мен Сақтандырылушы бір тұлға болмаған жағдайларда көлік апаты болғаны және сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыға хабарлау міндеті Сақтандырылушыға жүктеледі. Егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) дәлелді себептермен жоғарыда аталған әрекеттерді орындай алмаған болса, оны құжаттармен растауы тиіс;
- 8) көлік апаты болған жағдайда, ықтимал залалдардың алдын алу және оларды азайту мақсатында, оның ішінде мүлікті сақтау және жәбірленген адамдарға көмек көрсету үшін ақылға қонымды және қалыптасқан жағдаятта қолжетімді болған шараларды қолдануға;
- 9) құзырына сәйкес тиісті органдар мен ұйымдарға (ішкі істер органдарының жол полициясы бөлімшелеріне, мемлекеттік өрт сөндіру қызметтері органдарына, жедел медициналық жәрдем қызметіне, апат қызметтеріне) көлік оқиғасы және жәбірленген тұлғалар туралы хабарлауға;
- 10) көлік апаты болған жағдайда шұғыл түрде, бірақ уәкілетті лауазымды тұлғаның жазбаша жолдамасын алған сәттен бастап екі сағаттың ішінде, Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес, психоактивті заттарды қолданған фактін және мастану дәрежесін айқындау үшін медициналық куәландырудан өтуге.

12.3 Сақтандыру шартында Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері қарастырылуы мүмкін.

12.4 Сақтандырушы құқылы:

- 1) Сақтандыру шартын толтыру кезінде және сақтандыру төлемін төлеу кезінде Сақтанушы ұсынған құжаттар мен ақпараттардың шынайылығын тексеруге, сондай-ақ Сақтандыру шартының ережелерін сақтауды талап етуге;
- 2) Сақтанушының Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына сәйкес ықпалсыз іс-әрекеттерінің белгілері анықталған (айқындалған) кезде, сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін уақытша тоқтата тұру туралы хабарлама жіберу арқылы, уақытша тоқтатқан күннен кейінгі күннен кешіктірмей, тиісті тексеру жүргізілетіні туралы көрсетіп, сақтандыру төлемін төлеуді 30 (отыз) күнтізбелік күнге дейін уақытша тоқтатуға;
- 3) Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының басталу фактін куәландыратын, сондай-ақ залалдың мөлшерін растайтын құжаттарды талап етуге;
- 4) сақтандыру жағдайының себептері мен мән-жайлары өзі дербес зерттеуге және Сақтанушы берген құжаттар мен дәлелдемелерді тексеруге;
- 5) құзырлы органдардан сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттарды, сондай-ақ залалдардың себептері мен мөлшерін анықтау үшін қажет мән-жайлар туралы деректерді сұратуға;
- 6) егер сақтандыру жағдайы Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттерінің салдарынан болса, сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға;
- 7) Сақтанушының тапсырмасы бойынша, Пайда алушыға қойылған талап-арыздарға қатысты Сақтанушының атынан сотта істерді жүргізуді өзіне алуға. Алайда, Сақтандырушының ол әрекеттері – оның сақтандыру төлемін төлеу бойынша өз міндеттерін мойындағын деп саналмайды;

8) осы Ережеде қарастырылған жағдайларда және тәртіпте Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға;

9) осы Ережеде, Сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған жағдайларда сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға.

10) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда, зиян келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап құқығын білдіруге;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да құқықтарын жүзеге асыруға.

12.5 Сақтандырушы міндетті:

1) Сақтанушыны Сақтандыру ережелерімен таныстыруға, Сақтанушыға сақтандыру шарттарын, оның сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;

2) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін Сақтандыру шартында көрсетілген мөлшерде, мерзімде және тәртіпте төлеуге (немесе төлеуден бас тартуға);

3) «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 15-2. бабының 1-тармағына және 2-тармағының екінші абзацына сәйкес Интернет-ресурсын және (немесе) басқа ұйымдардың Интернет ресурсын пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес дербес деректерді жинауды және өңдеуді жүзеге асыру кезінде дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етуге.

4) Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда оның дубликатын беруге;

5) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

6) Сақтанушы сақтандыру жағдайы кезінде залалдардың алдын алу немесе оларды азайту мақсатында жұмсаған шығындарды оған өтеуге;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да құқықтарын жүзеге асыруға.

12.6 Пайда алушы құқылы:

1) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыға хабарлауға;

2) сақтандыру төлемін төлеу үшін қажет құжаттарды Сақтанушының орнына жинауға және оларды Сақтанушымен Сақтандыру шартын жасаған Сақтандырушыға ұсынуға;

3) Сақтандырушы және (немесе) тәуелсіз сарапшы әзірлеген келген залалдың мөлшерін бағалау нәтижелерімен және сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеулермен танысуға;

4) Сақтандыру шартымен көзделген тәртіпте және шарттармен сақтандыру төлемін алуға;

5) Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден немесе оның мөлшерін азайтудан бас тартуы жөнінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте дауласуға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да құқықтарын жүзеге асыруға.

13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

13.1 Сақтандыру шарты келесідей жағдайларды тоқтатылады:

1) Сақтандыру шартының қолданыс мерзімінің аяқталуына байланысты;

2) сақтандыру төлемін сақтандыру сомасы мөлшерінде төлеген жағдайда;

3) сақтандыру тәуекелінің дәрежесі артқан жағдайда сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге және/немесе қосымша сыйлықақы төлеуге келіспеген жағдайда;

4) сақтандыру сыйлықақысын немесе кезекті сақтандыру жарнасын төлеуді кешіктірген жағдайда.

13.2 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздемелерінен басқа, Сақтандыру шарты төмендегідей жағдайларды мерзімінен бұрын тоқтатылады:

1) сақтандыру объектісі жойылған жағдайда;

2) сақтанушы мүлктік сақтандыру объектісін адалаған жағдайда, егер сақтандырушы сақтанушыны ауыстыруға қарсы болса, ал Сақтандыру шартында басқа шарттар көзделмеген болса;

3) сақтандыру жағдайының басталу ықтималы жойылған болса және сақтандыру жағдайынан басқа жағдаяттар бойынша сақтандыру тәуекелі тоқтаған болса;

4) сақтандырушыны мәжбүрлі тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайда.

13.3 Сақтандыру шартын тоқтату үшін негіздеме ретінде қарастырылған жағдаяттар туындаған сәттен бастап Сақтандыру шарты тоқтатылған болып саналады және ол жөнінде мүдделі Тарап шұғыл түрде екінші Тарапқа хабарлайды.

13.4 Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтанушының, Сақтандырылушының Сақтандыру шартының талаптарын орындамауына байланысты Сақтандырушының талабы бойынша Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде бұрын төленген сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарналары) қайтарылмайды.

13.5 Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда Сақтандырушы келесілерге құқылы: 1) өзінің шығындарының өтелуіне, оған сақтанушыларды тартуға кеткен шығындарды қоса, сақтандыру сыйлықақысы сомасының 25%-ы мөлшерінде; 2) сақтандыру қорғанысының қолданыс уақытына тең мөлшердегі сақтандыру сыйлықақысының бөлігіне.

13.6 Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан жағдайда, егер бас тарту 13.2. тармақта көрсетілген жағдаяттарға байланысты болмаса, сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы немесе сақтандыру жарналары сақтанушыға қайтарылмайды.

13.7 Сақтанушы – жеке тұлға Сақтандыру шартын жасаған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде одан бас тартқан жағдайда Сақтандырушы алған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру қолданыста болған уақытқа тең мөлшерде сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігін және алған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (Он) пайызын құрайтын Сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығыстарды шегере отырып, Сақтанушыға-жеке тұлғаға қайтаруға міндетті.

13.8 Қарыз шарты бойынша қарыз берушінің алдындағы міндеттемелерін оның (қарыз алушының) орындауы себебінен қарыз шартына байланысты Сақтандыру шартынан Сақтанушы – жеке тұлға бас тартқан жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға – жеке тұлғаға сақтандыру қолданыста болған уақытқа тең сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігін және Сақтандыру шартына байланысты алған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (Он) пайызын құрайтын шығыстарды шегере отырып, алған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) қайтаруға міндетті.

13.9 Егер Сақтандыру шарты Тараптардың келісімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылса, онда сақтанушы осы Ереженің 13.5. тармағының талаптарын ескере отырып, келесідей мөлшерлерде сақтандыру сыйлықақысының бөлігін қайтарып алуға құқылы:

Сақтандыру шарты күшіне енген сәттен бастап оны мерзімінен бұрын тоқтатқанға дейінгі мерзім	Сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысының %-ымен)
15 күнге дейін	15,0
16 күннен 1 айға дейін	20,0
1 айдан 2 айға дейін	30,0
2 айдан 3 айға дейін	40,0
3 айдан 4 айға дейін	50,0
4 айдан 5 айға дейін	60,0
5 айдан 6 айға дейін	70,0
6 айдан 7 айға дейін	75,0
7 айдан 8 айға дейін	80,0
8 айдан 9 айға дейін	85,0
9 айдан 10 айға дейін	90,0
10 айдан 11 айға дейін	95,0

11 айдан астам уақыт

100,0

13.10 Сақтанушы Сақтандыру шартын ықтимал бұзу күнінен 30 (Отыз) күнтізбелік күн бұрын міндетті түрде Сақтандырушыға хабарлап, сондай шешімнің себептерін көрсете отырып, кез келген уақытта Сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы.

13.11 Егер Сақтандыру шарты оны жаңа мерзімге қайта жасау арқылы мерзімінен бұрын бұзылып жатса, Сақтандырушы өзіне келген шығындарды есепке ала отырып, сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін қайта есептеуге және бұрынғы Сақтандыру шарты бойынша сыйлықақының қалдығын жаңа Сақтандыру шарты бойынша сыйлықақының есебіне жазуға құқылы. Бұл ретте, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын бұрынғы Сақтандыру шарты бойынша сома қалдығын шегере отырып төлейді.

13.12 Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін Сақтандыру шартын бұзудың басқа негіздемелері мен шарттары да қарастырылуы мүмкін.

13.13 Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзудың барлық жағдайларында Сақтанушы қолданысы Сақтанушының Сақтандыру шартының қолданысын мерзімінен бұрын бұзу туралы жазбаша өтініші келіп түскен және/немесе Сақтанушы (Сақтандырылушы) заңнамада және осы Ережеде көзделген өз міндеттерін орындамаған кезде Сақтандырушы Сақтандыру шартының қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған сәттен бастап тоқтатылатын Сақтандыру шартын (полисті) Сақтандырушыға қайтаруға міндетті.

14. КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ

14.1 Сақтанушының залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы Сақтандыру келісімшарты бойынша сақтандыру төлемін төлеген Сақтандырушыға сол соманың шеңберінде өтеді. Сақтанушы сақтандыру төлемін алған кезде өзіндегі сол талаптың құқығын іске асыру үшін қажет құжаттарды сақтандырушыға беруге міндетті.

14.2 Сақтанушы жоғарыда көрсетілген тұлғаға кінәрат қоюдан немесе оған талабын іске асыруды қамтамасыз ететін құқықтардан бас тартқан кезде, сондай-ақ Сақтандырушыға кері талап қою үшін қажет құжаттарды беруден бас тартқан кезде Сақтандырушы залал келтірген тұлғадан кері талап тәртібінде өндіріп алуы мүмкін сақтандыру төлемінің бөлігін төлеуден азат етіледі.

14.3 Сақтанушы сақтандыру төлемі көлемінен асатын залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға талап ету құқығын азаматтық заңнамада белгіленген тәртіпте Сақтандырушыға шегінуге, сондай-ақ ол тұлғаға өзге талаптарды шегінуге құқылы.

15. ЕКІ ЖАҚТЫ САҚТАНДЫРУ

15.1 Сақтанушы Сақтандырушыда сақтандыру тәуекеліне қатысты басқа сақтандыру ұйымдарымен жасалған барлық сақтандыру келісімшарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауы тиіс.

15.2 Екі жақты сақтандырған кезде әр Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру төлемін өзімен жасаған келісімшартқа сәйкес төлейді, алайда Сақтанушының барлық Сақтандырушылардан алатын сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауы тиіс.

15.3 Келген залалды басқа Сақтандырушылардың өтеуіне байланысты сақтандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінара азат етілген Сақтандырушы келген шығындарды алып тастап, сақтандыру сыйлықақысының тиісті бөлігін Сақтанушыға қайтаруға міндетті.

16. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

16.1 Осы Ережеде тікелей реттелмеген құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары қолданылады.

16.2 Сақтандыру шартын іске асыру барысында туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер арқылы шешеді. Егер келіссөздер нәтижелі болмаса, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте, Сақтандырушы орналасқан жер бойынша Шарттық соттылыққа сәйкес шешіледі.

17. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

17.1 Осы Ереженің шарттарымен жасалған Сақтандыру шартының ережелерін өзгерту немесе Сақтандыру шартына толықтырулар енгізу Сақтанушы мен Сақтандырушының өзара келісімі бойынша енгізіледі. Сақтандыру шартында өзгертулер енгізу үшін Пайда алушының міндетті түрде келісімін алу қажеттілігі де қарастырылуы мүмкін. Сақтандыру шартына енгізілетін барлық өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде, қосымша келісім арқылы рәсімделеді. Егер келісімде басқалай айтылмаған болса, өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізілген Сақтандыру шарты екі Тарап та қосымша келісімге қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

17.2 Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар келесідей жағдайларда енгізіледі:

- 1) Сақтанушыны, Сақтандырылушыны, Пайда алушыны, сақтандыру объектісін ауыстырған кезде;
- 2) сақтандыру тәуекелінің дәрежесін өзгерткен кезде;
- 3) Сақтандыру шарты бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттерін өзгерткен кезде;
- 4) сақтандыру талаптары мен Сақтандыру шартының ережелерін өзгерткен кезде.

17.3 Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқалай белгіленбеген болса, бұл Ережеге өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде, өзгертулер мен толықтыруларды Сақтандырушының Директорлар кеңесі міндетті түрде бекітуі арқылы енгізіледі.

17.4 Сақтандыру сыйлықақысын төлеу арқылы Сақтанушы келесілерді растайды:

- 1) Сақтандырушының уәкілетті органы әзірлеген және бекіткен, сақтандыру шартын жасаған/сақтандыру полисін электрондық түрде рәсімдеген күні қолданыста болған және vis.kz сайтында жарияланған Сақтандыру ережесімен өзінің келіскенін және танысқанын.
- 2) ол жүзеге асырып жатқан операция қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастырумен (жылыстатумен) және террористік қызметті қаржыландырумен, жаппай қыру қаруын таратумен және оны қаржыландырумен байланысты емес екенін.
- 3) Қазақстан Республикасының №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес Сақтанушының, Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына, өңдеуіне, сақтауына және беруіне өз келісім бергенін, сондай-ақ Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісім бергенін:
 - а). Сақтандырушының «Мемлекеттік кредиттік бюро» Акционерлік қоғамынан (бұдан әрі – Бюро) деректерді алуға;
 - б). мемлекеттік деректер қоры иелерінің Бюроға Сақтанушы (сақтандырылушы, Пайда алушы) туралы ақпаратты тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы беруіне;
 - в). Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қызмет атқаратын заңды тұлғаға Сақтанушы, Сақтандырылушы (Пайда алушы) туралы өзінде бар және келешекте келіп түсетін ақпаратты Бюроға және Бюро арқылы Сақтандырушыға беруге;
 - г). дербес деректерді шекара асырып беруге және дербес деректерді үшінші тұлғаларға беруге;
 - д). Сақтандырушының қызметі мақсатын жалпы іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 830-бабының 4-тармағына сәйкес Сақтандырушының сақтандыру құпиясын ашуына.

17.5 Сақтандырушы дербес деректерді сақтау мерзімін келешекте дербес деректерді сақтаудың қажеттілігі қалмағанша белгілейді. Дербес деректер Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Шарттың/Полистің және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындау мақсатында, сондай-ақ Сақтандырушының жалпы қызмет мақсаттарын іске асыру үшін пайдаланылады.

17.6 Сақтанушы Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне Сақтандырылушыдан (Пайда алушыдан) жазбаша келісімін, оның ішінде Ереженің 17.4. тармақтың а)-д) тармақшаларында көрсетілген келісімін талап етуге міндетті.

17.7 Сақтанушы Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісімінің, оның ішінде Ереженің 17.4. тармақтың а)-д) тармақшаларында көрсетілген келісімінің болмағаны үшін жауапты болады.

17.8 Қажет жағдайда Сақтанушы Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар жөніндегі заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында Сақтандырушы сұратқан барлық қажет құжаттарды беруге міндеттенеді.